



ГАСТРАРЕКС-тің құрамына кіретін метилметионинсульфоний хлориді (U дәрумені) есебінен гастропротективтік әрекет етеді, асқазан мен ұлтабардың сілемей қабығын қорғауға және нығайтуға ықпал етеді.

ГАСТРАРЕКС-тің антиоксиданттық белсенділігі бар және бауыр жасушаларын қорғауға ықпал етеді.

ГАСТРАРЕКС-тің құрамында S-метилметионинсульфоний хлориді бар.

Метилметионинсульфоний хлориді дегеніміз не?

Метилметионинсульфоний хлориді – дәрумен тәрізді зат (U дәрумені), барлық ақуыздық қосылыстардың түзілісіне қажетті, алмастырылмайтын амин қышқылы – метиониннің белсендірілген түрі; асқазанның сөл бөлу қызметіне белсенді әсер етеді.

Асқазан мен ішектің сілемей қабатының жасушаларына әсері.

Түзіліс үрдістеріне қажетті өзіндік метилді топтарды беру қабілетіне және холиндік алмасуға әсеріне сай метилметионинсульфоний хлориді асқазан-ішек жолдары сілемей қабаты жасушаларының муцинді өндіруін ынталандырады, бұл оның ішкі және сыртқы ортаның жойқын факторларынан қорғаныс қызметін арттыруға ықпал етеді және асқазан мен ішектің сілемей қабаты жасушаларының қалпына келу үрдістерін белсендіреді, асқазан мен ұлтабар жасушаларына өң біту үрдісін тікелей ынталандырады.

Этанолдың әрекетінде асқазан-ішек жолдарына әсері.

Метилметионинсульфоний хлоридінің антиоксиданттық белсенділігі бар, майлардың асқын

тотығыу үрдістерін тежейді және асқазанның сілемей қабатының жасушаларын этанол мен оның туындыларының жойқын әрекетінен қорғайды.

Қышқылдыққа және диспепсиялық көріністерге әсері.

Метилметионинсульфоний хлориді тұз қышқылын белсенді емес түріне айналдыра отырып, оның өндірісін ынталандыратын гистаминді метілдейді. Гистаминнің белсенді емес түріне – метилгистаминге көшуі тұз қышқылының сөлденуінің азаюына апарады және асқазан мен ішек жасушаларының зақымдану ықтималдығын азайтады. Осының салдарынан гистаминнің көп мөлшеріне тән асқазан-ішек бұзылыстары азаяды: іштегі ауырлық сезімі, қыжыл, іштің кебуі және ішек қимылының бұзылыстары. Тұз қышқылының жеткіліксіз сөлденуінде метилметионинсульфоний хлориді оның өндірілуін ынталандырады.

Бауыр жасушаларына әсері.

Метилметионинсульфоний хлориді майды ыдырататын әрекет етеді, бауыр жасушаларына қорғаныс әсерін көрсетеді. Зерттеулер көрсеткендей, ол қандағы жалпы холестериннің және төмен тығыздықты

майлардың (зиянды холестерин) деңгейін азайтады. Жасушалық мембраналардың өтімділігі тұрақтанады, тіндердің май тінімен алмасуына кедергі келтіреді, бауырдағы көмірсулық, ақуыздық және майлық алмасу жақсартады.

ГАСТРАРЕКС, құрамына кіретін метилметионинсульфоний хлоридіне сай, ықпал етеді:

- Жойқын факторлардың әсеріне қарсы асқазан мен ұлтабардың сілемей қабатының қорғаныс қасиеттерін арттыруға
- Асқазан сөлінің жоғары немесе төмен қышқылдығын реттеуге
- Асқазан мен ұлтабардың сөл бөлу қызметін жақсартуға
- Асқазан мен ұлтабардың қимылын реттеуге
- Асқазан мен ұлтабардың сілемей қабатындағы қалпына келтіру үрдістерін жасушалық деңгейде белсендіруге
- Асқазан-ішек жолдарындағы жайсыздық көріністерін азайтуға
- Бауырдағы көмірсулық, ақуыздық және майлық алмасу жақсартуға.

Қолдану тәсілі: ересектерге тамақ ішу кезінде күніне 1 капсуладан қабылдау керек. Қабылдау ұзақтығы – 1 ай. Қажет болса, қабылдауды бір айдан кейін қайталауға болады. Капсулалардың телімді иісі бар, бұл құрамындағы компоненті - метилметионинсульфоний хлоридіне байланысты. Қабылдағаннан кейін біраз уақыт бойы ауызда дәмі сақталуы мүмкін, бұл құрамындағы компонентіне байланысты.

Ұсынылатын қабылдау құрамында (1 капсула):	Мөлшері, мг
Метилметионинсульфоний (U дәрумені)	300

Қолдануға болмайтын жағдайлар: құрам-бөліктерін жеке жақпаушылығы, жүктілік, бала емізу кезеңі. Қолданар алдында дәрігермен кеңесу ұсынылады.

Құрамы: U дәрумені (метилметионинсульфоний хлориді), микрористалды целлюлоза (тасымалдаушы), капсуланың қабықшасы (желатин, кандурин күміс түсті жылтыр (титанның қостотығы (баяғыш), калий алюмосиликаты (нығыздалуға қарсы бөлік)), кремний қостотығы (нығыздалуға қарсы бөлік), стеарин қышқылының магний тұздары (нығыздалуға қарсы бөлік).

Шығарылу түрі: салмағы 524 мг ± 7,5 капсулалар, блистерде 15 капсуладан, картон қорапшада 1, 2, 4, 6 немесе 8 блистерден; құтыда 30, 60, 90 немесе 120 капсуладан, картон қорапшада 1 құтыдан.

Қолданылу саласы: тағамға биологиялық белсенді қоспа - U дәруменінің (метилметионинсульфонийдің) көзі ретінде ұсынылады.

Жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Сақтау шарттары: балалардың қолы жетпейтін жерде, 15 °С-ден 25 °С-ға дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75 %-дан аспайтын жағдайда сақтау керек.

Өткізу шарттары: дәріханалар желісі және сауда желісінің арнайы дүкендері, бөлімдері арқылы.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа.

Дәрілік зат емес.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №: RU.77.99.11.003.E.005122.11.18

Берілген күні: 20.11.2018 ж.

Өндіруші: «Грокам ГБЛ сп. з.о.о.», 39-300, Мелец қ, Пржемысловиа көшесі, 10, Польша, «Мастер Фарм С.А.» топтары, 91-203 Лодзь, Версальская көшесі, 8, Польша «Юнифарм Лабораториз Лимитед», 38/39 Фицивильям Сквер Вест, Дублин 2, D02 NX53, Ирландия үшін өндірілген

Тұтынушылардың шағымын қабылдайтын уәкілетті ұйым:

«Юнифарм, Инк. (АҚШ) корпорациясының ҚР-дағы өкілдігі; Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі 17, 106-кеңсе, Қазақстан; тел.: +7 (727) 244-50-04, info@unipharm.kz



EAC



UNIPHARM